Тексеру күні ---------- ---------- 2018ж
Бекітемін: Уразалина С.Б.
Қыркүйек айының Iапта 3– 7 аралығындағы №2 ересектер «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы.
Өтпелі ай тақырыбы: «Балабақша және отбасы» **Тәрбиеші:** Бектлеуова Дина
Апта тақырыбы: «Балабақша. Білім күні**»**
Мақсаты: балалардың балабақша және отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін және отбасы мүшелерін ажырата білуге және оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 03.09.2018ж	Сейсенбі 04.09.2018ж	Сәрсенбі 05.09.2018ж	Бейсенбі 06 .09.2018ж	Жұма 07.09.2018ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**«Балабақша үйіміз»** Суреттер әлеміне саяхат	**«Кішкентай көмекшілер» ойыны** Мақсаты: пішіндерді ұяшықтарға түстеріне және көлеміне сәйкес орналастыру	**«Өз үйіңді табу» ойыны** Мақсаты: үлкен – кіші ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту	**Дидактикалық ойын: « Менің балабақшамда»** Мақсаты: балалардың балабақшада нені байқағанын айту. Баланың байқағыштық зеректігін,ойлау қабілетін дамыту.	Үстел -үсті ойыны пазл: **«Үйшік құрастыр»** Мақсаты: логикалық ойлау қабілетін дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығулар кешені №1				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын!** Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	«Мен бастаймын, сен аяқта» таныс тақпақтарды еске түсіру	Үстел-үсті ойыны «Сыңарын табу» заттың суретін дұрыс ретімен қоюға дағдыландыру	Балабақша туралы суреттер қарау	«Менің Елім» әңгімелесу	«Балабақша бөлмелері» әңгімелесу
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас тырылған оқу кестесі	**1. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: : «Білім еліне саяхат» Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін айту**,** күз айындағы мереке «1 Қыркүйек –Білім күні» екенін айтып, білім алу мақсатында алғаш мектеп, балабақша табалдырығын аттаған балаларды құттықтау. Саяхат жасау арқылы балалардың білімге деген құштарлықтарын арттырып, қиялдарын дамыту. **2.Жаратылыстану Тақырыбы: «Бізді не қоршап тұр?» Мақсаты**: «Жансыз табиғат» деген түсінікпен таныстыру, жансыз табиғаттағы заттарды адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге	**1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Математика еліне». Мақсаты:** а) балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу; ә) дәптерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілетін арттыру; б) үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **2.Аппликация Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты:** балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып сипаттауға және оларға ұқыпты қарай білуге баулу; қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту; таңдау жасай білуге, ұқыпты жасай білуге	**1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыс және әріп» Мақсаты:** Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Жазу кезінде дұрыс отыру, қолды орналастыру ережелерімен таныстыру (дәптер, қарындаш). Қысқа және ұзын таяқшаларды жазу. Штрихтауға үйрету **2.Өзін-өзі тану Тақырыбы: «Өзін–өзі тану әлеміне саяхат» Мақсаты:** «Өзін- өзі тану» пәні туралы алғашқы түсінік беру. Өзін-өзі тануға қызығушылықтарын арттыру, өзін және өзгелерді тануға тәрбиелеу.	**1. Мүсіндеу Тақырыбы: «Топтағы ойыншық» Мақсаты:** Балаларға өз тобындағы ойыншықтар туралы түсінік бере отырып, өздерінің сүйікті ойыншықтарын мүсіндеуге үйрету. Саусақ моторикасын жақсарту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **2.Ағылшын тілі Тақырыбы: «Our kindergarden. Education» Мақсаты**: Балаларды оқу құралдарының атауларымен , олардың қажеттілігімен таныстыру. Ойлау есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. [і] дыбысын дұрыс айта білуге үйрету. Ұқыптылыққа	**1. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері Тақырыбы: «Біздің балабақшада» Мақсаты:** Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен таныстыру (баспалдақтан абайлап көтерілуді және түсуді, баспалдақ таянышынан ұстауды; есікті тұтқасынан ұстап, ашып, жабу). **2.Сурет салу Тақырыбы: « Менің балабақшам» Мақсаты:** Балаларға балабақша туралы түсінік бере отырып, бірнеше қатардан тұратын үйлердің суретін салуға және бояуға үйрету. **3.Драма Тақырыбы: «Театр әлемінде» Мақсаты:** Балаларға театр туралы түсінік беру, қуыршақ театрының түрлерімен

	үйрету. Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. **3.Музыка** **Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын»** **Мақсаты**: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуа талпындыру Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	үйрету; **3.Орыс тілі.** **Тақырыбы: «День знаний-мы будущие ученики»** **Мақсаты:** Ввести в активный словарь детей названия некоторых учебных принадлежностей (**тетрадь, ручка, книга,карандаш,пенал**) и действия ученика Развивать связную речь, Воспитывать аккуратное отношение к школьным принадлежностям Беседа, фонетические упражнения, введение новых слов, игра «Собери портфель»Составление рассказов о школе, повторение стихотворения о школе, ролевая игра «Школа». **4.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біздің балабақшада»** **Мақсаты:** Түрлі қарқында бір қатармен, аяқтың ұшымен, өкшемен жүру жаттығуларын. Желке тұсына допты қойып жүру.Отбасы туралы санамақтар айту.	**3.Музыка** **Тақырыбы: «Мен бақшаға барамын»** **Мақсаты**: Балалардың музыкаға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын арттыру, адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуа талпындыру Музыканы тыңдау, есте сақтау, әнді айту, дауыстың биік және төмен ырғақтарын ажырату.	тазалыққа тәрбиелеу.Жаттап алу қабілеттерін жетілдіру. **3.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біздің балабақшада»** **Мақсаты:** Бүгілген тізені жоғары көтеріп, жартылай отыруды үйрету..Музыка ырғағына сәйкес қимыл жасауға үйрету.	таныстыру; балалардың өз ойын айта білуге үйрету, театрландырылған ойындарға оң көзқарастарын, басқалардың пікірін тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру; театр өнеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. **4.Экология негіздері** **Тақырыбы:«Балабақшам екінші үйім»** **Мақсаты:** балабақша туралы ұғымдарын кеңейту. Жыл мезгілінің ерекшеліктерін сипаттауын дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, өз балабақшасы құрметтеу
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	1.Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: Табиғаттың күзгі өзгерістері туралы балалардың білімдерін қалыптастыру. Балалардың байқағыштықтарын дамыту, сөз белсенділігін арттыру. 2.Еңбек. Учаскені қоқыстан тазарту. Мақсаты:Тырнауышпен, күрекпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту.Еңбектегі ұжымдық сезімді қалыптастыруБалаларды табиғатты, өсімдіктерді сүюге,аялауға тәрбиелеу. 3.Сөздік ойын: «Ауа райы туралы айтып бер» Мақсаты: Балаларды ауа райын сипаттайтын сөздерді тауып айтуға үйрету (жылы, ашық, құрғақ, желді, жаңбырлы, бұлтты). 4.Жеке жұмыс, көркем сөз оқу.Санай бер,қарай бер. Бояуы жүз, келді күз. 5.Еркін ойындар. Әр балаға өзін қызықтыратын іспен айналысуға мүмкіндік беру.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	**Астарың дәмді болсын!** Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Музыкалық құралдан тыңдату арқылы «Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	Аудио ертегілер тыңдату	Бесік жыры «Әлди-әлди бөпешім» әнін музыкалық құралдан тыңдату	«Ерте-ерте ертеде» ертегі айтып беру	Музыкалық құралдан тыңдату арқылы «Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	**№ 1** **<u>Керуеттегі жаттығулар</u>** Оянайық бәріміз. Көздеріңді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымиыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді,				

	Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояндыңдар, төсектен тұрыңдар.(6-7 рет) **Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.**				
Бесін ас	**Астарың дәмді болсын!** Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет	1.Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Ұқыпты бала боламыз» Мақсаты: Балаларға «ұқыптылық» сөзінің мағынасын таныстыру. Айналасындағы мүлікке, заттарға ұқыптылықпен қарауға үйрету. Балаларды ұқыпты болуға, жағымды қарым-қатынас дағдысын дамыту.Ересек адамдар еңбегіне сүйіспеншілікпен қарауға, оны құрметтеуге және көмек көрсетуге тәрбиелеу. 2.Бояма кітапшалары мен жұмыс.	Сюжетті-рөлдік ойын «Балабақша». Мақсаты: Балалардың балабақша өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалап оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.	1.Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Отбасым туралы балаларға түсінік беру. Отбасы мүшелерін дұрыс Атауға үйрету. Өз отбаытуралы әңгімелеу. 2.Лего, пазл, мозайка құрастыр	1.Вариативтік компонент: «Биле,биле, балақай» Тақырыбы: «Жұпты» би Мақсаты: Балаларды би қимылдарымен таныстыру. Әуенге сай ырғақты билей білуге үйрету. Балаларды қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Билеу кезінде аяқты еркін қозғалта білу шеберліктерін арттыру. 2.Топтағы гүлдерді қопсытып, шаңын сүртіп, су құйғызу. 3.Құрастырма ойыншықтармен ойнау.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу "Күз" (Сурет құрастыру. Мақсаты: балалардың тілін дамыту.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	1.Санжар мен Айзере таңертеңгілік амандасуды үйрету,үлкенді сыйлау.	1.Карима қарандашты дұрыс ұстатып көрсету, үйрету.	1.Сартайға түстер,пішіндер туралы әңгімелесу. Қызығушылығын арттыру.	1.Мұхаммедке балалармен бірге ұжымдасып ойнау туралы әңгімелесу, үйрету.	1.Омарға қалам беріп таяөшалар жазғызу.Жазуға деген ынтасын ояту.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу. Балалардың дербес ойындары.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың үйге қайтуы	«Мен таза баламын» Демалыс күндері балалардың тазалығына көңіл бөлулерін түсіндіру.	Психолог кеңесі: «Атааналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда өзін қалай ұстау қажет»	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес: "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Ұсыныс. Балабақша ақысын уақытылы төлеу. Жауапкершілікке тәрбиелеу.

Тексеру күні ---------- ---------- 2018ж
Бекітемін: Уразалина С.Б.
Қыркүйек айының II апта 10-14 аралығындағы ересектер №2 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие,ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
Өтпелі ай тақырыбы: «Балабақша және отбасы» **Тәрбиеші: Бектлеуова Дина**
Апталық тақырыбы: «Отбасы мен құндылықтары»
Мақсаты: балалардың балабақша және отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін және отбасы мүшелерін ажырата білуге және оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 10.09.2018ж	Сейсенбі 11.09.2018ж	Сәрсенбі 12.09.2018ж	Бейсенбі 13 .09.2018ж	Жұма 14.09.2018ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: күз туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**«Ғажайып жүрекше» жылулық шеңбері.** Мақсаты:қол ұстасып шеңберге тұру арқылы ғажайып жүрекшені бір-біріне беру арқылы балалар танысуын ұсынады.	**Құрылыс ойындары** «Менің үйім» Мақсаты: Кірпіштерден өз үйлерін құрастырып, әңгімелеу.	**Дидактикалық ойындар** «Кім қалай дыбыстайды?» Мақсаты: Балалардың тілдерін жаттықтыру.	**Санамақтар айтқызу** Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым - әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бемеуміз.	**Үстел үсті ойыны** Мозайкадан өз үйлерін бейнелеу.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығулар кешені №1				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын!** Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай түс» Мақсаты: түс туралы ұғымын дамыту және заттармен қарапайым қатынас жасау.	Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Мақсаты: Балаларға заттарды жеке таныта келе, ең соңында заттардың жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешу арқылы тапқырлыққа шапшаңдыққа баулу	Дидактикалық ойын: «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: Суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретіндігін айтқызу. Сөздік қорын молайту.	Дидактикалық ойын: «Кеңістік» Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Бұл қай жыл мезгілі?» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдеріне байланысты білімдерін анықтау және әрі қарай дамыту.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас тырылған оқу кестесі	**1. Музыка** **Тақырыбы: «Менің туыстарым»** **Мақсаты:**Музыканы ұқыпты тыңдап, түсініктерін айтуды үйрету. Мәтінін жаттап әуенді ұғыну, бірге айту әдетін, дыбыс биіктігін келтіріп айтуды қалыптастыру. Ойынды қимылдар арқылы көрсету, жылдамдықты дамыту. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету. **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы:«Әкесі мен балалары»(әңгімелеу) Л.Толстой** **Мақсаты:** Отбасы туралы, өзі отбасында тұлға екені және	**1. Өзін –өзі тану** **Тақырыбы: «Адам болам десеңіз»** **Мақсаты:** «Адамгершілік», «жақсы адам» ұғымдарының мағынасын түсіндіру, адамгершілік туралы түсініктерін кеңейту, бала бойындағы жақсы қасиеттерін дамытуға ықпал ету, жақсылық жасай білуге тәрбиелеу. **2.Сурет салу** **Тақырыбы:«Мен осы үйде тұрамын»**	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Дыбыс және әріп»** **Мақсаты:** Дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету.Жазу кезінде дұрыс отыру, қолды орналастыру ережелерімен таныстыру (дәптер, қарындаш). Қысқа және ұзын таяқшаларды жазу. Штрихтауға үйрету **2.Құрастыру** **Тақырыбы:«Менің**	**1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы: «Біз тату-тәтті отбасы»** **Мақсаты:** Кеңістік қатынастарын анықтауға (жоғары-төмен, сол жақта-оң жақта, үстінде-астында, ортасында, арасында) үйрету; қағаз бетінде бағдарлау қабілетін қалыптастыру; есте сақтау қабілетін дамыту; **2.Аппликация** **Тақырыбы:«*Біздің үй*»** **Мақсаты:** Балаларға үйдің	**1. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біздің отбасымызда»** **Мақсаты:** Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап, заттар арасымен; адымдап алға қарай жүру; жүгіруді алмастырып жүруге үйрету. **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Менің шаңырағым»** **Мақсаты:** Өз отбасы туралы әңгіме құрастыра айтуды, сұрақтарға толық жауап беруді үйрету. Сөздік

	отбасын мүшелерінің өз орны ерекше екені туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіменің мазмұнын мәнерлеп жеткізу. Көркем шығарманы тыңдауға деген қызығушылығын арттыру және оның мазмұнын түсіне огтырып әңгімені аяқтауға дағдыландыру. Татулыққа, доытыққа тәрбиелеу **3.Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Табиғатта не өзгерді?»** **Мақсаты:** Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге; себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. Балалардың тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын дамыту, салыстыру, бақылау нәтижелерін бір-бірімен салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.	**Мақсаты:** Тұрғын жайлардың құрлымын бере отырып, параллель тік және көлденең сызықтар сызуды үйрету. Көзбен шамалауды және қолдың ұсақ бұлшықеттерін дамыту. шыдымдылыққа тәрбиелеу. (акварель бояуымен) **3.Орыс тілі.** **Тақырыбы: «Семья и ее ценности»** **Мақсаты:** Познакомить с новыми словами по теме,ввести их в речь детей.Развивать внимание,память.Умение рассказывать о своей семье.Учить детей уважать старших.помогать младшим. Любить и уважать родителей. **4.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біздің отбасымызда»** **Мақсаты:** Заттарды аттап, заттар арасымен; қолды түрлі қалыпта ұстау; нұсқаушының белгісімен тоқтауды үйрету.	**үйім»** **Мақсаты:** құрылыс материалдарынан өз үйін құрастыру, ойлануға, өздігінен шығармашылықпен әрекет етуге баулу, құрастыру дағдыларын қалыптастыру, өз үй-іші, отбасына деген сүйіспеншілік сезімдерге тәрбиелеу; **3.Музыка** **Тақырыбы: «Менің туыстарым»** **Мақсаты:**Музыканы ұқыпты тыңдап, түсініктерін айтуды үйрету. Мәтінін жаттап әуенді ұғыну, бірге айту әдетін, дыбыс биіктігін келтіріп айтуды қалыптастыру. Ойынды қимылдар арқылы көрсету, жылдамдықты дамыту. Музыка ырғағын сезініп, әдемі билеуге үйрету.	түрлі болатынын, үшбұрыш пен шаршыдан қарапайым жапсыру әдісін үйрету. Үйлердің түрлерін салыстырып, олардың айырмашылықтарын ажырата білуге баулу. Шатырдың пішінін (трапеция, үшбұрыш) туралы түсініктерін бекіту. Бейнелерді ақ қағаз бетіне орналастырып, әр заттың орнын тауып жапсыруға үйрету. **3.Ағылшын тілі** **Тақырыбы: "My family»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелері атауларын үйрету. Өз отбасы мүшелерін атай алуға жаттықтыру. Отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. «My family» тақырыбындағы жаңа лексикалармен таныстыру. **4.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біздің отбасымызда»** **Мақсаты:** Қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап, заттар арасымен; адымдап алға қарай жүру; жүгіруді алмастырып жруге үйрету.	қорларын дамытып, отбасына деген мейірім сезімдеріне, үлкендерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру. «Менің жанұям» Е.Өтетілеуовтың өлеңін мнемокесте әдісі арқылы жаттату. **3.Мүсіндеу** **Тақырыбы:«Дастархан жаямыз» (ұжымдық жұмыс)** **Мақсаты:** Пішіні мен мөлшері жағынан әр түрлі ыдыс аяқтарды (кесе, пиала, ұсақ тәрелке) мүсіндеуді үйрету. Қолдың қимыл - қозғалысын, мүсіндеудің таныс амалдарын қолдануды дамыту. Ермексаздың қажет түстерін іріктеу, мөлшерін бірдей қылып екі немесе үш бөлікке бөлу іскерліктерін дағдыландыру.
Серуенге дайындық	Әр бала өз киімдерін өздері киюлерін үйрету, қадағалау , көмектесу.				
Серуен	1.Бақылау. Адамдардың күзгі еңбегін бақылау. Мақсаты: Балаларды үлкендердің еңбегін бағалауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу. 2.Еңбек.Топ балаларымен бірге ойын алаңын тазарту жұмыстарына қатысу. Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, ұжыммен жұмыс жасауға тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: Мені қуып жет» Мақсаты:Балаларды тез қимылдауға тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс. Үлкендердің ақылын тыңдауға үйрету. 5.Еркін ойындар.Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау				
Серуеннен оралу	Күртешелерінің ілгектерін, сырмаларын ,аяқ-киімдерінің бауларын өздеріне шешкізу.Көмектесу,бақылау				
Түскі ас	Тамақта әр бала өз орындарына отыру.тамақтан соң алғыс айту.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Аудио ертегілер тыңдату.	«Құлыншағым» әнін музыкалық құралдан тыңдату.	Аудио ертегілер тыңдату	«Бесік жыры» әндерін музыкалық құралдардан тыңдату.	«Ерте-ерте ертеде » ертегі айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	**№1 Керует жанындағы жаттығулар** Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық. - Б. қ .қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру.				

	- Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. (7-8 рет) **Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.**				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу, толығымен шәйнап жеу. Ас қайырып алғыс айту.				
Ойындар, дербес әрекет	1.Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Еңбек түбі береке» Мақсаты: Қоғамдағы еңбек,мамандық түрлеріне сүйіспеншілікпен қарау. Еңбекті бағалау, адал еңбек ету. Өзінің және басқаның еңбегінің зейнетін қадірлеуге үйрету. Адалдық, әділдік, мейірімділікке тәрбиелеу. **2.** Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: Балаларға әр затты,өз орнына қоюды үйрету.Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1.Сюжеттің ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту	1.Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Жануарлар және оның төлдері» Мақсаты:Жануарларды,олардың төлдерін ажырата білуге, суреттердің ерекшелелігін табуға үйрету. 2. «Мақтақыз бен мысық» ертегісін сахналау Мақсаты: Сөздік қорларын дамыту.	1.Вариативтік компонент: «Биле,биле, балақай» Тақырыбы: «Жұпты» би Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеріп, «жұпты» биінің қимылдарын қайталап, орындату. Балаларды қимыл арқылы бидің мінезін аша білуге дағдыландыру. Билеу кезінде аяқты еркін қозғалта білу шеберліктерін арттыру. 2. Тіл күніне дайындық. Мақсаты: Балалардың өлеңдерін, тақпақтарын жаттату.	1. «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	1.Әселмен анасының мамандығы туралы әңгімелесу.	1.Һақ Назар қазақша тақпақтар айтқызу,тілін жаттықтыру.	1.Нұржайнамен жеке жұмыс. Қарандашты дұрыс ұстатып үйрету.	1.Софияға тақпақ жаттау	1.Дидарға гүлдерге су құйғызып,қопсыттыру.
Серуенге дайындық	Өз бетімен шешінуін , киімдерін ретімен жинап шығу. Түймелерін, сырмаларын өздері тағу. Үйрету, мадақтау.				
Серуен	Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы	Фото көрме «Менің отбасым» тақырыбына ұйымдастыру .	Денеге киетін формаларын түгендеп әкелулерін ескерту.	«Сақ бол балақай»сақтық ережелері. Балаларды бөтен адамдарға беруге болмайтынын ескерту.	Күз мезгіліне байланысты тақпақтар жаттату.	Алтын күз» мейрамына демалыста тақпақтарын қайталау, жаттату.

Тексеру күні ---------- ---------- 2018ж
Бекітемін: Уразалина С.Б.
Қыркүйек айының III апта17-21 аралығындағы ересектер №2 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие,ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
Өтпелі ай тақырыбы: «Балабақша және отбасы» **Тәрбиеші:** Бектлеуова Дина
Апталық тақырыбы: «Мен адаммын»
Мақсаты: Балалардың балабақша өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін және балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалап оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.09.2018ж	Сейсенбі 18.09.2018ж	Сәрсенбі 19.09.2018ж	Бейсенбі 20 .09.2018ж	Жұма 21.09.2018ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: менің достарым туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**Саусақ ойындары** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш	**Құрылыс ойындары** «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». Мақсаты: Кірпіштерден үй құрастырып, жасауға үйрету.	**Дидактикалық ойындар** «Домино»ойыны. Мақсаты:Балалардың түстерді ретімен қоя білуі,ажыратуын дамыта түсу.	**Санамақтар айтқызу** Бота, түйе, Құлын,бие, Торай,шошқа, Қозы, қошқар, Қодық,құлан, Көжек, қоян, Бақа,шаян, Торғай,шымшық... Сен, қал! Сен, шық!	**Үстел үсті ойыны** «Кім жылдам?» Мақсаты: Балаларды ойлау қабілеттерін дамыту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын !** Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Суретте кімдер бейнеленген? Мақсаты: Балаларға ұл мен қыздың айырмашылығы туралы айту. Қызға, ұлға қажет заттарды түсіндіру.	«Табиғат мейірімді». Шарты: Тәрбиеші сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады.- Жер-Ана мейірімді, өйткені ол...(көкөністер мен жемістерді өсіреді).- Күн мейірімді, өйткені ол...(жарығын, жылуын береді. Мақсаты: балалардың сөздік қорын көбейту.	«Жануарларды қимылына қарап анықта!» Шарты: Ортаға бір бала шығады. Педагог ортадағы баланың құлағына кез келген жануардың (қоян, ит, мысық, аю, қасқыр) атын атайды. Бала естіген жануарын балаларға түсінікті болатындай қимылмен көрсетеді. Қалған балалар ортадағы баланың қимылына қарап, қандай жануар екенін табады. Бірінші тапқан бала ойынды ары қарай жалғастырады. Мақсаты: Балалардың ым-ишара арқылы сөйлеуге, бірбірін түсінуге болатыны туралы түсініктері	**«Жылы лебіз»** **Шарты:** ойынға барлық балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортаға бір бала шығады, оның қолына доп ұсынылады. Бала допты кез келген бір балаға лақтырады, допты қағып алған бала отбасы мүшелеріне арналған тілекті айтып, допты кері лақтырады.	Кім көп сөз біледі?» Мақсаты: Балалардың ой-өрісін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілетін арттыра отырып жылдамдыққа, ойлампаздыққа тәрбиелеу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас тырылған оқу кестесі	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: « Адам табиғаттың ең ғажайып жаратылысы"** **Мақсаты:** Адамның дене мүшелері туралы білім беру. Күн	**1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы: «Кел, ойнайық!».** **Мақсаты:** балаларды	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Дыбыстар. «А»дыбысымен және әрпімен таныстыру»** **Мақсаты:** Сөздердің ұзынды,	**1. Мүсіндеу** **Тақырыбы: « Биші Әйгерім»** **Мақсаты:** балардың ойлау қабілетін,	**1. Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы: «Менің құқықтарым мен міндеттерім»**

	тәртібінің мағынасын түсіндіру. Тілдің дыбыстық мәдениетіне тәрбиелеу, меңгерген сөздермен сөйлем құрауға үйрету. **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Табиғатпен қалай дос болуға болады?»** **Мақсаты:** Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта мәселелеріне аудару. Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. **Музыка** **Тақырыбы: «Егеменді елім»** **Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге талпындыру.Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздерімен және олардың авторларымен таныстыру.	заттардың түрлі қасиеттерін тауып, заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыруды, заттарды берілген белгілері бойынша топтастыруға үйрету; **Аппликация.** **Тақырыбы: «Қыз қыдырып жүр»** **Мақсаты:** Қайшымен жұмыс істеу икемділіктерін жетілдіру. Қағазбен жұмыс істеуде шығармашылыққа баулу. Геометриялық фигураларды қию және адам бейнесіне келтіріп құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қағазды қос бүктеу тәсілдерімен қиюға, бірдей заттың бірнеше пішінін қабаттап қиып алуға, олларды бір-біріне өлшеп, жақсылап орналастырып желімдеуге үйрету. **Орыс тілі.** **Тақырыбы: «Человек-кто он?»** **Мақсаты:** Объяснить детям, что человек-это личность. Научить детей правильно произносить слова на русском языке, обогащать словарь детей лексическим материалом по теме: **человек, космос, ракета, земля, космонавт**. Объяснить детям, что человек изучает и изменяет себя и окружающий мир, создает культуру и собственный мир. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біз батырлармыз»** **Мақсаты:** Бір қатармен, шашырап, жұптасып, түрлі қарқында; заттарды аттап; бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп жүгіру дағдыларын үйрету.	қысқалығын қолмен өлшетіп айыра білуге үйрету. «А» дыбысымен және әрпімен таныстыру.Ауада жазып көрсету. «Гүл» нүкте бойымен сурет салу **Өзін –өзі тану** **Тақырыбы: Мен қандай баламын?** **Мақсаты:** Әрбір баланың жеке тұлға екендігін түсіндіру, қыз бала мен ұл баланың ерекшеліктері туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынас жасауға тәрбиелеу. **Музыка** **Тақырыбы: «Егеменді елім»** **Мақсаты:** Балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыру, музыкалық шығармашылық әрекеттер түріне эмоционалдық қатынасын білдіруге талпындыру. Балаларды Қазақстан Республикасының рәміздерімен және олардың авторларымен таныстыру.	көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; ойыншықтың әр түрін мүсіндеуге, жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету; ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу; **Ағылшын тілі** **Тақырыбы:** **Дидактикалық ойын: “He and** **Мақсаты:** Балаларды өздерін ағылшын тілінде таныстыра білуге үйрету. “He” сөзінің ұл балаға, “ she” сөзінің қыз балаға айтылатынын түсіндіру. Балаларды ойын арқылы сөйлетуге дағдыландыру. **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біз батырлармыз»** **Мақсаты:** Кедергілерден өту арқылы; табиғи жағдайларда кедергілерден өту арқылы; түрлі жылдамдықпен - баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин жүгіру.	**Мақсаты:**балаларды өздерінің құқықтарымен, міндеттерімен таныстыру; балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру; әрбір баланың өз құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу; **Сурет салу** **Тақырыбы: « Сәлеметсіз бе, бұл мен?! »** **Мақсаты:** Адамның дене құрылыстары туралы түсініктерін бекіту. Адамның бейнесін салуға үйрету. Адам бейнесін сала отырып эстетикалық талғамын дамыту. Жинақтылықпен ептілікке үйрету. **Драма** **Тақырыбы: «Мақтаншақ қоян» ертегісі (киілмелі қуыршақ театры)** **Мақсаты:** Кейіпкерлердің ерекшеліктерін беру үшін, мәнерлілік құралдарын қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, ертегінің мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге мінездеме бере білуге үйрету, кейіпкерлердің іс- әрекетін орындай білуге үйрету, шығармашылыққа, батылдыққа тәрбиелеу. **Қоршаған ортамен танысу** **Тақырыбы: «Менің құқықтарым мен міндеттерім»** **Мақсаты:**балаларды өздерінің құқықтарымен, міндеттерімен таныстыру; балалардың құқықтық жағынан қорғалатыны туралы мәлімет беру; әрбір баланың өз құқығы, өз көзқарасы болатынын санасына жеткізу;
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				

Серуен	1.Бақылау. Суды бақылау Мақсаты: Күз мезгіліндегі су кереметін түсіндіру. Судың қолдану жолдарын, қасиеттерін анықтай білу, өсімдіктерді сумен өсіруді қолдана білуі. 2.Еңбек.Бөлме өсімдіктеріне су құю Мақсаты:Балаларды табиғатты, өсімдіктерді сүюге, аялауға тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: «жаңбыр жауды» Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын толықтыру. 4.Жеке жұмыс. Жұмбақ жасыру. 5.Еркін ойындар. Өткеншекке ойнау , оларды бақылау.				
Серуеннен оралу	Өз беттерімен шешінулерін қадағалау. Көмектесу, мадақтау.				
Түскі ас	Үстел басына отырмас бұрын қолдарын көпіршіктеп жуу, сүрту. Сорпаға нан батырмауларын ескертіп бақылау. Майлықты пайдалану.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	Аудио ертегілер тыңдату.	«Құлыншағым» әнін музыкалық құралдан тыңдату.	Аудио ертегілер тыңдату	«Бесік жыры» әндерін музыкалық құралдардан тыңдату.	«Ерте-ерте ертеде » ертегі айтып беру.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	**<u>№ 2 Керуеттегі жаттығулар</u>** Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд. - Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.(6-7 рет) **Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.**				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу, толығымен шәйнап жеу. Ас қайырып алғыс айту.				
Ойындар, дербес әрекет	1.Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене» Мақсаты: Жағдаяттарын мысалға келтіріп, жаман әдеттерден ойларын аулақ ұстауға үйрету. Қоршаған ортасына мейірімділікке балаларды тәрбиелеу. 2.Қимылды ойын «Орамал тастамақ» Мақсаты: Ептілікке үйрету	1.Жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. 2. Сюжеттік ойын: «Аспазшы». Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту	1.Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Қандай заттар артылып қалды?» Мақсаты: Жуынатын бөлмеде қандай заттар болуы тиіс? Ұйықтайтын бөлмеде заттардың айырмашылығын табуға үйрету. 2.Ертегілер еліне саяхат. Қуыршақ театры арқылы ертегіні сахналау	1.Вариативтік компонент: «Биле,биле, балақай» Тақырыбы: «Орыс» биі Мақсаты: Балалардың көңіл-күйін көтеріп, биге деген тиянақты ынтасы мен сүйіспеншілігін ояту.Балалардың аяқ, қол қимыл қозғалыстарын нақышына келтіре отырып, би қимылдарын еркін сипаттай білуге талпындыру. 2.Монтессори ойыншықтармен жұмыс. Мақсаты:саусақ моторикасын дамыту.	1. Тіл күніне тақпақтарды қайталау. 2. Қылқаламмен гүлдің суреттерін салу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	1. Ернарға тақпағын жаттату.	1.Мерейге суретті бояту.	1. Әлимансурға көркем сөз оқыту,жаттату	1.Бисұлтанға үш тілде ретімен және кері санту.	1.Алмазға гүлдердің шаңын сүркізу.
Серуенге дайындық	Асықпай, ұқыпты киінуге үйрету. Киімнің оңы мен терісін ажыратып кию.				
Серуен	Қ\ойын: ««Мені қуып жетіңдер» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, тез қимылдауға баулу				
Балалардың үйге қайтуы	«Мамандықтың бәрі жақсы». Балаларға ата-аналар өз мамандығы туралы түсінік беру.	Кеңес:«Абайла балақай» Үйге қайтқан кезде жол ережесіне байланысты әңгімелер айту.	«Қызықты өлеңдер» Жаттаған өлеңдерін қайталатып,еске түсіру.	Кеңес:«Дәрумендер пайдасы». Бала денсаулығын қадағалау	«Алақай ойындар» Ата-анаға демалысты балаңызбен бірлесе -қызықты өткізу керектігін айту.

Тексеру күні ---------- ---------- 2018ж
Бекітемін: Уразалина С.Б.
Қыркүйек айының IV апта 24-28 аралығындағы ересектер №2 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие,ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
Өтпелі ай тақырыбы: «Балабақша және отбасы» Тәрбиеші: Бектлеуова Дина
Апталық тақырыбы: «Табиғат бұрышы»
Мақсаты: Балалардың балабақша өмірі туралы түсініктерін қалыптастыру, балабақша бөлмелерін және балабақша қызметкерлерінің еңбегін бағалап оларды жақсы көруге, сыйлауға үйрету.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.09.2018ж	Сейсенбі 25.09.2018ж	Сәрсенбі 26.09.2018ж	Бейсенбі 27 .09.2018ж	Жұма 28.09.2018ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: жомарт күз туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**Сурет бойынша әңгіме.** Тақтадағы саңырауқұлақтарды атап, жарамды –жарамсызын тауып әңгімелеп беру.	**Құрылыс ойындары** «Кім жылдам құрастырады?» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу.	**Қимылдық ойын:** «Саңырауқұлақтар жинау» Біз орманға барамыз, Саңырауқұлақтар жинаймыз Оң жақта, сол жақта Саңырауқұлақтар жан-жақта. Мақсаты : балалар қимыл арқылы шумақтарды айту.	**Дидактикалық ойын:** «Қай талдың жапырағы?» Мақсаты: Балаларға әр талдың өз жапырақтарын тауып жапсырту.	**Үстел үсті театры** арқылы ертегі құрастырып айту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын !** Ұқыпты тамақтану мен үстел басында өзін-өзі ұстау дағдыларын жетілдіру.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	«Мен бастаймын, сен аяқта» таныс тақпақтарды еске түсіру	Дидактикалық ойын «Ғажайып қапшық» Мақсаты: Балалардың әріптерді дұрыс айтуғуға тілдерін жаттықтыру. Сөздік қорын жаңа сөздермен байыту.	Көкөністер мен жемістер туралы суреттер қарау	«Жомарт күз» әңгімелесу	«Құстар неге қыстап қалады?» Балалармен қыстап қалатын құстардың не себепті қыстап қалатындары туралы әңгімелесу.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас тырылған оқу кестесі	**1. Музыка** **Тақырыбы: «Жомарт күз»** **Мақсаты:** Музыканы тыңдап,әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін , орындаушылық қабілеттерін жетілдіру. **2.Көркем әдебиет** **Тақырыбы: «Күз жомарт» Е.Өтетілеуұлы (жаттау)** **Мақсаты:** Балалардың табиғат жыл мезгілдерімен тығыз байланысты екенін, жылдың төрт мезгілінде табиғат құбылыстырының әр түрлі болатынын, табиғат адамдарға өз сыйын жылдың күз	**1. Өзін –өзі тану** **Тақырыбы: «Менің есімім»** **Мақсаты:** Әрбір баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғындыру, адамның есімі, оның адамға қандай міндеттер жүктейтіні туралы түсінік беру, өзін-өзі тануға деген қызығушылықтарын арттыру, өзара жағымды қарым қатынасқа тәрбиелеу. **2.Сурет салу** **Тақырыбы: «Қызыл-жасыл жапырақтар» (акварель)** **Мақсаты:** Түстерді ажырата білуге, көркемдік талғамын қалыптастыру. Кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру. Бояу түстерін алмастырып отыруға, көңіл-күйге сәй	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Дыбыстар. «А»дыбысымен және әрпімен таныстыру»** **Мақсаты:** Сөздердің ұзынды, қысқалығын қолмен өлшетіп айыра білуге үйрету. «А» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Ауада жазып көрсету. «Гүл» нүкте бойымен сурет салу **2.Құрастыру** **Тақырыбы: «Жаңғақ қабығынан құрастыру»** **Мақсаты:**Балаларды табиғи материалдардан грек жаңғағын пайдалана отырып,бүтін затты құрап	**1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы: «Біздің табиғат бұрышымыз»** **Мақсаты:** а) балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық фигуралармен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру; **2.Аппликация** **Тақырыбы: «Көркем күз»** **Мақсаты**: Балаларға қосымша құралы ретінде түстерді пайдалана білдіру қабілетін дамыту үшін қағаз түстері мен көлеңкелерді үйлестіре таңдау қабілеттерін жетілдіру. Қағаз	**1. Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Көкөністер» (қияр, қызанақ)** **Мақсаты:** Балаларға көкіністің пайдасын түсіндіре отырып, мүсіндеуге үйрету. Көкіністердің сипаттық ерекшеліктерін көрсете отырып, қияр мен қызанақ мүсінін жасауға үйрету. Мүсіндеу амалдарын бекіту (домалақтау, созу, ширақтау, шымшу **2.Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы:«Күз» (сурет бойынша әңгіме)** **Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге, әңгімелеп айтып бере білуге

	мезгілінде сыйлайтйнйн түсіндіру. Күздің ерекшеліктері туралы алған білімдерін толықытру. **3.Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Терезе алдында не өсіп тұр?»** **Мақсаты:** Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту.	Кес жаттықтыру. Жапырақ тар бейнесін беруде қылқа ламды ыңғайлы қолдануға дағдыландыру. **3.Орыс тілі.** **Тақырыбы: «Живой уголок»** **Мақсаты:** Ввести в активную речь слова по теме «Живой уголок». Развивать воображение, внимание. Воспитывать заботливое отношение к домашним животным. Обогатить и активизировать словарный запас. **4.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Серуенге шығайық»** **Мақсаты:** Бір орында тұрып, алға қарай 3-4м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру.	өз ойынан шығармашылық танытуға үйрету. Ұсақ қол моторикасын жақсарту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. **3.Музыка** **Тақырыбы: «Жомарт күз»** **Мақсаты:** Музыканы тыңдап,әнді айту арқылы патриоттық сезімін ояту.Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Есту қабілеттерін , орындаушылық қабілеттерін жетілдіру.	бетіне көркем композиция жасау мүмкіндігін қалыптастыру **3.Ағылшын тілі** **Тақырыбы: «Seasons»** **Мақсаты:** Балалар жыл мезгілдерінін ағылшын тілінде сипаттап, айларды атай білуге үйрету. [еі] дыбысына фонетикалық талдау жасау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Түсіну,есте сақтау, логикалық ойлауын дамыту. **4.Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Серуенге шығайық»** **Мақсаты:** Қос аяқтап заттар арасымен (арақашықтығы 4м), оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3м)орнынан биіктікке секіру; жіптен,сызықтан секіру; оң және сол аяғын кезектестіріп; биіктіктен; 20 см дейінгі биіктіктегі зат үстінен секіру.	дағдыландыру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Іс қимыл әрекетті білдіретін сөздерді (жинады, тазартты) айтуға үйрету. **3. Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Серуенге шығайық»** **Мақсаты:** Бір орында тұрып, алға қарай 3-4м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап; түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) секіру.
Серуенге дайындық	Асықпай, ұқыпты киінуге үйрету. Киімнің оңы мен терісін ажыратып кию.				
Серуен	1. Бақылау. Желді бақылау. Мақсаты: жел соғады, ағаштар тербеледі. Балаларға желдің бағытын байқату. 2.Еңбек. Қағаздан қаңғалақ жасау арқылы желдің бағытын бақылау. Мақсаты:Қағаздан жасау арқылы балалардың саусақ маторикасын дамыту. 3.Қимылдық ойын: «Күннің көзі мен жаңбыр» (2-3рет қайталау); Мақсаты:Бір-біріне қақтығысып қалмай жүгіруге үйрету." 4.Жеке жұмыс. Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна,жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдиниетін жетілдіру. 5. Еркін ойындар. Балалар өздерінің қалаған ойындарын қызығушылықпен ойнайды. Оларды қадағалау.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
	«Бесік жыры» әндерін музыкалық құралдардан тыңдату.	«Ерте-ерте ертеде » ертегі айтып беру.	Музыкалық құралдан тыңдату арқылы «Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	Музыкалық құралдан тыңдату арқылы «Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	Аудио ертегілер тыңдату

Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары	**<u>№ 2 Керует жанындағы жаттығулар</u>** "Құстар" 1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. 3. «Құстар жем шұқып жатыр» - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр" - Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (7-8 рет) **Мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.**				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу, толығымен шәйнап жеу. Ас қайырып алғыс айту.				
Ойындар, дербес әрекет	1.Вариативтік компонент «Әдептілік әліппесі» Тақырыбы: «Сен не істер едің?» Мақсаты: Жақсы мен жаман әдет туралы түсініктерін қалыптастыру. Суреттер арқылы әңгімелеп,өз көзқарастарын жеткізе білуге үйрету. Балалардың қоршаған ортасына деген қарым-қатынасын анықтау, ситуациялық жағдаяттарды шеше білу қабілеттерін дамыту. 2. Дидактикалық ойын «Атын атап бер» Мақсаты:түсті қабылдауды және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	1."Күз жомарт" Мақсаты: Музыканы тыңдап, әнді айту. .Музыкаға деген тұрақты ынтаны және сүйіспеншілікті тәрбиелеу.Есту қабілеттерін,орындау шылық қабілеттерін жетілдіру	1.Вариативтік компонент: «Логика» Тақырыбы: «Ағаштар мен бұталардың ұқсастықтарын табу» Мақсаты: Жыл мезгілдері туралы беру. Бұталардың бояуға үйрету. 2. Ертегі оқып беру «Қарлығашш пен дәуіт» Мақсаты:Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге,жаман нәрселерден аулақ болуға,жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.	1.Вариативтік компонент: «Биле,биле, балақай» Тақырыбы: «Орыс» биі Мақсаты: Балаларға би қимылдарын қайталатып, ерекшеліктерін түсіндіру, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Балаларды өздері билейтін музыкасын тыңдап, музыка фазаларын, біліктерін ажыратуға, екпінін анықтауға үйрету. 2. «Кім тапқыр?» Мақсаты: Суретте берілген бейнені дұрыс таба білуге дағдыландыру.	1. «Күз бояуы» Мақсаты: Күз белгілері жайлы әңгімелесу. Күз мезгілінің ерекшеліктерін сезінуге, әңгімелеп айтып бере білуге дағдыландыру, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	1.Адилбекке сурет бойын ша әңгіме құрастырту	1.Інжуге тілдік жаттығу жасату.	1.Айкөркемге күз туралы орыс тілінде тақпақ жаттату	Т.Інжуге ертегі құрастырып айтқызу.	Бейбарысқа сөрелердің шаңын сүркізу.
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Көкөністердің түстерін үш тілде ата», «Тез жалғастыру?» және т.б.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жұмыстарымен таныстыру.Оқу қызметіндегі жетістіктерін мадақтау арқылы жеткізу.	Психологтің кеңесі: «Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз."	Әңгімелесу: «Табиғатты аяла». Мақсаты : Қоршаған ортаға деген қамқорлық сезімдерін ояту.	Ата-аналарға кеңес: «Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдыландырыңыз?»	Үйге берілген тапсырмаларды орындатуға уақыт бөлу.

Қазан
Тексеру күні ---------- ---------- 2018ж
Бекітемін: Уразалина С.Б.
Қазан айының I апта 1-5 аралығындағы ересек.№2 «Ақ желкен» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы
Өтпелі ай тақырыбы: «Өсімдіктер әлемі» **Тәрбиеші:Бектлеуова Дина**
Апта тақырыбы: «Гүлдер әлемі»
Мақсаты: табиғаттағы өсімдіктердің қалай жетіліп өсіп дамуы туралы түсініктерін қалыптастыру. Өсімдіктердің күнделікті ортадағы қажеттіліктегі мен өсіп дамуының байланысын балаларға түсіндіріп бекіту. Тәжірибелік жұмыстар арқылы балалардың табиғатқа деген көзқарасын кеңейту.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 01.10.2018ж	Сейсенбі 02.10.2018ж	Сәрсенбі 03.10.2018ж	Бейсенбі 04 .10.2018ж	Жұма 05.10.2018ж
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы әңгімелесу, жағымды қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әртүрлі ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	**Саусақ ойындары** Саусағымда сақина Санап көрші кәнеки 1,2,3 Бір, екі үш Демалайық жинап күш	**Құрылыс ойындары** «Қуыршақтарға үй құрастырамыз». Мақсаты:	**Дидактикалық ойындар** «Домино»ойыны. Мақсаты:Балалардың түстерді ретімен қоя білуі,ажыратуын дамыта түсу.	**Санамақтар айтқызу** Бір үйде нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым - әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек - ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бемеуміз.	**Үстел үсті ойыны** Үстел үсті театры арқылы ертегі құрастырып айту.
Таңертеңгілік гимнастика (5 мин)	Таңғы жаттығулар кешені №3				
Таңғы ас	**Астарың дәмді болсын!** Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Қимылдық ойын: «Күн мен түн» Мақсаты:Балаларды бір –біріне қақтығысып қалмай, жүгіруге,тәулік мезгілдерін айыра білуге үйрету.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдас тырылған оқу кестесі	**1. Сөйлеуді дамыту** **Тақырыбы: «Гүлзардағы раушан гүлі»** **Мақсаты:** Гүлдер туралы түсінік беру. Раушан гүлімен және оның қасиеттерімен таныстыру. Балалардың бейнелі ойлауын, зейінін, қиялын дамыту. Эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. **Жаратылыстану** **Тақырыбы: «Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар?»** **Мақсаты:** Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, оларды тану	**1. Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **Тақырыбы: «Ақ гүлдер, көп гүлдер»** **Мақсаты:** а) сопақша, төртбұрыш (шаршы және тіктөртбұрыш) туралы түсінік беру; заттардың пішінін анықтап, оларды пішінін басқа заттармен салыстыруды үйрету; заттарды түсіне, пішіні мен көлеміне қарай ажырата білу қабілетін қалыптастыру; **Аппликация** **Тақырыбы: "Досыма түймедақ гүлін сыйлаймын"** **Мақсаты:**Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Гүл пішінін жасауға қатысты	**1. Сауат ашу негіздері** **Тақырыбы: «Сөз.Дауысты және дауыссыз дыбыстар»** **Мақсаты:** Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. «Т» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Буындарды оқу: ТА,ТҰ,ТЫ, ТО,ТӘ,қысқа сөздерді оқу: ТАМ,ТАУ,АТА,ТОН. Үсті мен атсыңғы жағы дөңгеленіп келген ұзын және қысқа таяқшаларды салуға үйрету. **Өзін-өзі тану** **Тақырыбы: «Менің туған күнім»** **Мақсаты:** Жақсылық, қуаныш ұғымдары туралы түсінік беру, туған күн қуанышы туралы түсінік	**1. Мүсіндеу** **Тақырыбы: «Түймедақ»** **Мақсаты:**Гүлдер туралы ұғым дарын кеңейту.Дөңгелек және сопақша пішіндерді мүсіндей отырып түймедақ мүсіндеуге үйрету. **Ағылшын тілі** **Тақырыбы: «Flowers worlds»** **Мақсаты:** Балаларды ағылшын тіліне деген қызығушылықтарын пиктограмма арқылы қызықтыра отырып, балаларға гүлдер және оның түрлерімен ағылшын тілінде	**1. Қауіпсіз мінез-құлық негіздері** **Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»** **Мақсаты**: балаларды бөлме гүлдері мен және олардың түрлерімен таныстыру. Бөлме гүлдерін күтіп-баптау мақсатында топ бөлмесінде таза ауа сақталып, денсаулыққа пайлады болатындығы туралы білімдерін дамыту. **Сурет салу** **Тақырыбы:"Түймедақтар"** **Мақсаты:**Балаларға өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейте отырып, гүлдер туралы оның өзіндік ерекшелігін айтып өту. Сурет салуда қылқаламмен бояуды қалай пайдалану керкетігін, түстердің қағаз бетіне әдемі, таза, ұқыпты түсуіне қол икемділігін дамыту.

